



Футбол үйірмесі
7-8 класс



Үйірме жетекшісі:
Арзакулов М.С

2023-2024 оқу жылы

ТҮСІНІК ХАТ

«Дене шынықтыру» оқу пәні Мемлекеттік міндетті білім беру стандартының манызды компоненті есебінде «Дене шынықтыру» білім беру саласына кіреді. Оқу пәнінің нысаны – пән арқылы дамитын және әлеуметтік ортамен өзара әрекет ететін баланың дамып келе жатқан организмі.

«Дене шынықтыру» оқу пәні – бұл дене шынықтыру қызметі, оқушылардың дене және психикалық саулығын сактау туралы білімдер жүйесі.

Осы пәннің іс жүзіндегі мақсаты – қозғалыс белсенділігінің зандаулықтары, дене дамуының, жеке гигиенаның ережелері, дене және психикалық саулықты ныгайту мен салауатты өмір салты қағидаларына үйрету жөніндегі білімге ие болу.

Оқу пәнінің жалпы мақсаттары.

Пәннің мақсаты оқушылардың физикалық, психикалық және моральдық саулығын ныгайту, ақыл-ой және физикалық қабілеттері мен шығармашылық әлеуетін дамытуда кешенді тұрғы негізінде жеке тұлға қалыптастыру.

Оқу пәнінің міндеттері:

- бастаудың сынып оқушыларының дене тәрбиесі мен оның тарихы туралы және олардың деңсаулығын ныгайту, күн тәртібін ұйымдастыру, организмді шынықтыру, жеке гигиенаны сактаумен байланысты қарапайым білімдерді қалыптастыру;
- оқушы ағзасының функционалдық жай-күйінін деңгейін көтеру;
- қозғалыс қасиеттерін дамыту;
- қозғалыс дағдыларын менгеру, жүйке жүйесі мен тұтас организмді дамытуға көмектесу;
- сенсомоторлық дамуды жандандыру, онтайлы тұлға мен негізгі қозғалыстарға ұқсас құмылдарды қалыптастыру.

Оқытуудың деңгейлері бойынша «Дене шынықтыру» пәні мазмұнының сабактастық қағидасын сактау қарастырылады.

Табиғи көркемдік қағидасы өсіп келе жатқан организм үшін дамытатын онтайлы қозғалыс ортасын қалыптастыруды және балалардың қозғалыс белсенділігіне сұранысты қанағаттандыруды қамтамасыз етуді қарастырады

Практикаға бағыт ұстану қағидасы қимыл-қозғалыс дамуының кезеңдік және соңғы мақсатын сипаттайтын онтайлы ұқсас қимылды менгеруді көздейді. Баланың жүйке жүйесі мен психикасын қалыптастыруға тән дамудың негізгі факторларын іске асыру қарастырылады. Бірінші кезекте ілесетін, үйлестіретін бір жағынан көздің, мойын еттерінің сенсорлық ақпараттарды қабылдаудағы құлақтың және екінші жағынан колдардың, дене бөліктерінің, беттің, еріннің, қимылмен жауап қайтарғандағы тілдің қозғалыстарын дамыту жатады.

Оқу пәннің мазмұнын іріктеу педагогикалық тәсілдерге негізделген:

- жеке адамға бағытталған тәсіл бала организмінің функционалдық мүмкіндіктеріне сәйкес келетін деңе жүктемелерін мөлшерлеуді қөздейді;
- әрекет ету тәсілі бала қозгалыс арқылы дамитындығын карастырады;
- құзыреттілік тұрғыдан келу негізгі біліктіліктерді менгеруді қөздейді;
- деңсаулықты сактау тәсілі үйрету процесінде баланын деңсаулығын міндетті турде сактауды карастырады.

Kіріспе

Халықаралық футбол ассоциациянын (IFAB)^[5] әртүрлі деңгейде және әр түрлі футболшылар топтары үшін (мысалы, жасөспірімдер үшін, әйелдер үшін, мүмкіншілігі шектелгендер үшін және т.б. үшін) ресми түрінде кабылданған ойын шарттарының 17 нұсқасы бар.

Әр командада максималды 11 ойыншы (косалқы ойыншыларды санамағанда), онын біреуі — қакпашы. Өз айып алғанында қакпашыдан басқа ойыншы допты колымен ұстауға болмайды.^[6] Қакпашыдан басқа ойыншылар корғаушылар, жартылай корғаушылар, шабуылшылар болып бөлінеді.

Бір ойынның аты - матч, матч еki 45 минуттық бөлімнен (тайм) тұрады. Ойын арасында 15 минуттық үзіліс бар.

Ойын максаты - команданын допты қарсылас команданың қакпасына салу (гол) және өз қакпасына салғызыбау. Матчта көбірек доп салған команда ұтады.

Егер де матчтың нәтижесінде еki команда да бірдей гол салса - тен ойын деп саналады. Бұл жағдайда тағы қосымша уақыт (15 минуттан еki рет) берілуі мүмкін. Егер де қосымша уақыттан кейін тен ойын болса - матчтан кейінгі пенальти жүптары өткізіледі^[7].

Ойын аланы

Ойын аланының ұзындығы 100-110 м, ені 64-75 метрлік тіктөртбұрышты аланда өткізіледі. Биіктігі 2 м 44 см, ұзындығы 7 м 32 см-лік 2 қакпасы бар. Қакпалардың сыртына тор керіледі.

Төрелік

Футболшылардың ойын кезінде ережеден мұлт кетпе-уін аландағы төреші және оның еki көмекшісі – аланның еki бүйіріндегі шектеу сзықтарда тұрып бақылайды. Егер ойыншы спортқа қайшы әрекет жасаса немесе төрешінің қабылдаған шешімімен таласса, Бас төреші сары карточ-каны көрсетіп, ескертуге міндетті. Егер ойыншы ойынды дөрекі бұзса не бұзакылық жасаса төреші кызыл карточ-каны көрсетіп, ойыншыны аланнан аластаратуға құқы бар.

Техникасы

Техникалық ойыншы допқа ие болып, дәлме-дәл пас жасайды, допты баспен ұрып, қарсыласын алдайды, қакпаны қөздең шабуыл жасай алады. Допқа ие болу деп, допты тебер алдында не пас жасарда доптың қозғалысын баяулату немесе тоқтатуды айтады. Жоғарыдан ұшып келе жатқан допты аяқтың басына салып тоқтатып, аяқты көтерінкіреп және босаңсытып, сосын доппен бірге төмен түсіру керек.

Ойын тәсілі

Футбол ұжымдық ойын болғандықтан, команданың барлық он бір ойыншысының ойын тәсілдерін түгел әрі шебер орындай білуі шарт деп саналады. Команданың қабыл алған ойын жүйесіне байланысты футболшылар аланда нақты орындарда тұрады. Ойын-шылардың аланда орналасу жүйесі әртүрлі болады, оларды таңдау командалардың ойыншылар құрамасының қалай іріктелуіне байланысты.

Қазіргі күні көптеген командалар шеткі корғаушылар да жиі шабуылға қатысатындей 4-3-3 үлгісінде ойнайды. Мына әдіспен орналасқанда «тазалықшы» төрт корғаушының сырт жағында тұрып, олардың кате кеткен жерлерін жөндейді. Қакпашы шабуылдаушыға «шабуыл бұрышын»

тарылтып, тоскауыл кою үшін ұмтылып келеді. Баспен қысқа пас беру арқылы әріп тесіннің шабуылдауына көмектесең. Қақпаны бойлай бас-пен пас жасау, қорғаушыны шатастырып, гол салатында жағдай тудыруы мүмкін. Қорғаушылардың ойыны зоналық ойыншыларды немесе жеке ойыншыны бақылауды міндеттіне алу принципіне құрылады. Бірінші жағдайда, қорғаушы аланның «өз» болігіне гана жауап береді. Жеке ойыншыны бақылаганда әр қорғаушы карсылас команданың накты бір ойыншысына бағытталған, тіпті, сөзбе-сөз айтканда, оның із өкшесінен қалмайтын әрекет жасайды. Қай сызықта ойнап жүрсөң де бәрібір. Бастьысы, допсыз орын ауыстырудың маңызы доп сенің аяғында болған-дығынан еш кем емес екенін ұмытпау керек.


Футбол добы



Футбол добы

Футбол добының салмағы 396-453 г, диаметрі 68-71 см.

Ойын шарттарын бұзу



сары карточка мен
қызыл карточка

Ойын шарттарын бұзушылықты *фол* деп атайды. Бірінші рет тәртіп бұзған үшін - сары карточка беріледі, ал екінші қайталаған үшін - қызыл карточкамен ойын алаңынан шығарады.

Фол (тәртілті бұзу)

Ең жіңі болатын тәртіп бұзулар:

- Бәсекелесті аяқпен тебу
- Аяқпен қағу
- Бәсекелеске секіру
- Бәсекелеске шабуыл жасау
- Қолмен итеру
- Бәсекелесті ұрып-согу т.б.
- Қақпашыдан басқа ойыншылардың допты қолмен ойнауы

Тәртіпсіздік

Футболда тәртіпсіздікке:

- тобелес шынтару
- түкіру
- балагат сөздер мен қылыштар т.б. жағады

Тарихы



Англия мен Шотландия арасындагы матч, 1872 жыл

Футбол тарихы XII ғасырдан басталады. Алғаш рет Англияда дамыды. Саяхатшы Гастон де Фуа оз заманында футболды бар ынтасымен бақылап, «*Ағылшындар футболды ойын деп есептесе, онда тобелесті не дейді?*» деп жазып кеткен еken. Футболға қарсылық корсеткендер болды. Мысалы, шіркеудегі діндарлар, феодалдар футболға тыйым салынуын талап еткен еken. Өйткені, бұғынгі күнге дейін футбол өте қауіпті ойын саналып келеді.

- 1313 жылы белгілі феодал Эдуард II қала ішінде футбол ойнауга шектеу қойған. Тіпті, 1314 жылдың 13 ақпанында король Лондон қаласында футболға қарсы шарапар қолданған деседі.
- 1389 жылы Ричард II патша сарайы маңында доп тепкендерді өлім жазасына кескен. Патшага бірнеше мәрте рұқсат сұрап барған футбол жанкүйерлері әрқашан жағымсыз жауап алып отырган.
- Футболға тыйым салған патшалар тізімі төмендегідей: Генрих IV 1399-1401, Генрих, V 1413 - 1433 ж, Генрих VI 1449-1451 ж, Эдуард IV 1471 ж, Генрих VII 1491 ж, ал Генрих VIII ойыншыларға шектеу қойып қана қоймай, алаң иелеріне тыйым салып, салық салған. Бұндай қатан қагидаларға мойымаган халық футбол ойнаудан бас тартқан жоқ.
- Тек 1908 жылы футбол олимпиадалық ойындар тізімінен орын алды.
- Ал, 1863 жылы Лондонда футболдың жаңа шарттары белгіленді. Жобага енгізілген ережелерді арнайы комиссия жіті қараған.
- 1872 жылдан бастап футболдан халықаралық кездесулер өткізілді. Доданы Англия мен Шотландия футболшылар ашты.
- Ойынды бар ынтасымен тамашалаган жанкүйерлер үшін ойын сәтсіз аяқталды. Өйткені, алғашқы кездесуде есеп ашылған жоқ.
- 1884 жылы Ұлыбританияда алғашқы ресми кездесу өтті. Жарысқа Англия, Шотландия, Уэльс және Ирландия командалары қатысып, бақ сынасты. Ойын женімпазы - шотландықтар болды.
- 1920 жылы европалық футбол бәсекесінде Бельгия мен Чехословакия кездесті. Онда чех футболшыларын ойсыратса жеңген бельгиялықтар олимпиада чемпионы болып танылды.
- Ал 1924 жылы Оңтүстік Америкада ашылған олимпиадада алтынды Уругвай құрамасы үтты. Олар Югославия, американ, француз, голланд пен Швейцария ойыншыларын қапы калдырыды. Ағылшындардан футболды үйренген Уругвай футболшылары әлдеқайда ширақ еді.
- Италия мен Испания, Мажарстан, Аустрия, Чехословакия да футболдың қыр-сырларын тен менгерे білді. Бұны 1934-38 жылдары Италия құрамасының екі рет әлем чемпионаты атанғаны дәлелдейді.

- Ежелгі Шығыс елдерінде (антикалық дәуірде Мысыр, Қытай,) (Грекия, Рим), тіпті Франция, Италия, Англияда футболға ұксас ойын болған.
- Ежелгі Мысырдагы футбол тектес ойын біздің әрамызға дейін 1900 жылы танылған.
- 19 ғасырдың аяғында футбол Еуропа мен Латын Америкасында карқынды дамыды.
- 1904 жылы Бельгия, Дания, Нидерланд мен Швейцария елдері футбол кауымдастығынан халықаралық федерацияның (FIFA) құрылуына мұрындық болды.
- 1946-48 жылдары Оңтүстік Америка үш рет катарынан аргентиналықтардан басым түсті.
- 1950-60 жылдары футболдан үздік мектептер саналғандар мыналар еді: Лев Яшин мен Игорь Нетто, Альфредо ди Стефано мен Франсиско Хенто, Раймон Копа мен Жюст Фонтэн, Полен Дири, Гарринча және Жильмар, Драгослав Шекуларац пен Драган Джачич, Иозеф Масопуст пен Ян Поплухар, Бобби Мур мен Бобби Чарльтон, Герд Мюллер, Уве Зеелер мен Франц Беккенбауэр, Ференц Вене мен Флориан Альберт, Джачинто Факкетти, Джанни Ривера, Жанрзиньо және Карлос Альберте.
- 1956 жылы Кенес Одағының футболшылары алғаш рет олимпиада чемпионы атанды. Төрт жылдан кейін олар Еуропа кубогының женимпазы танылды^[8].

Футболдың таралу тарихы

Футболдың алғаш 1863 ж. Англияда арнаулы ережесі бекітіліп, тұнғыш кауымдастық құрылды. Сондыктан Англия атамыш спорт түрінің отаны болып есептеледі. Бірақ Футболға ұксас аяқдоп ойынының түрлері ежелгі Мысыр, Қытай, Грекия, Римде, ал онан кейінрек Франция мен Италияда дамыған. Кейін бұл спорт түрі біраз өзгерістерге ұшырап, футбол деген атаумен бізге жетті.

19-ғасырдың сонына карай футбол Еуропа мен Латын Америкасы елдеріне көнінен тарай бастады. 1904 жылы халықаралық футбол федерациясы (FIFA), 1954 жылы Еуропа футбол кауымдастықтары одағы (UEFA) құрылды. 1900 жылдан бастап олимпиялық ойындар бағдарламасына енген. 1930 жылдан төрт жылда бір рет әлем чемпионаты және 1958 жылдан бастап Еуропа кубогы үшін жарыстар өткізіліп тұрады.

Қазақстан футболының таралу тарихы

Казакстанға футбол 1909-1910 жылдары келді. Әуелі Орал, Атырау, Актөбе, Павлодар, Семей, Петропавл қалалары жастарының ермегіне айналған өнер, бара-бара бұқаралық сипат алды. Колда бар деректер бойынша алғаш команда құру 1911 жылдан басталған. Семейде М.Сайдашев, А.Кәрімов, Ю.Нығматулин, т.б. жергілікті қазақ және татар жастарынан тұратын “Жарыс” командасын құрып, көптеген өнерпаздар мен спортшылардың елге танылуына себепкер болды. Сол команданың құрамында ұлы жазушы, ғұлама ғалым Мұхтар Әуезов жартылай корғаушы болып ойнаган. 1914 жылы семейліктер алғаш рет Томск қаласының политехникалық институты студенттерімен жолдастық қездесу өткізді. Бұл Казакстан футболының кіндігі кесілген жыл болып есептеледі. 20 ғасырдың 30-жылдарына дейін әр қала өздерінше күш сынасып жүрді, алайда республикалық деңгейде жарыстар болмағандықтан, шеберлік баяу дамыды. 1937 жылы Алматының динамошылары “Шығыс қалалары” тобында З-орынды иеленді. Сол жылдың қазан айында жолдастық қездесулер өткізу үшін Одессадан “Консервщик” командасы келді. Одессалықтар Алматы, Семей, Петропавл қалаларында болып, республиканың ен таңдаулы командаларын ойсырата жеңді. Осы жеңілістен қорытынды шығару мақсатында, “Динамо” командасын қүшешту жөнінде шешім қабылданды. Жергілікті командалардан ағайынды Вячеслав пен Павел Трофимовтар, А.Вяшняков, А.Громов, Ф.Ткаченко, Актөбеден Н.Писяуков, И.Шариков, П.Луценко шақырылды. Одессаның “Консервщик” командасының ойыншылары ағайынды Константин мен Георгий Бедрицкийлер, Н.Чернец, Г.Ананченко және П.Щербаков “Динамоның” (Алматы) құрамында ойнауга тілек білдірді. 1939 жылы динамошылар Казакстан чемпионы арі кубогының негері атанды. Қазақстандықтар сол жылы КСРО кубогы жолындағы бәсекеде Киевтің динамошыларын тізе бүктірді. Келесі жылы 2004 команда қатысқан ұжымдар арасындағы кубок бәсекесінде топ

жарлы. Шенші сында Таганрогтің “Tорпедо” командасын 3:1 есебімен женген алматылық динамошылар КСРО кубогын иемдесіп. Қазақстан футболының атын шыгарған команданың кұрамындағы 8 ойыншы Екінші дүниежүзілік соғысқа катысты. Трофимов, Громов, В.Шаповалов сынды футболшылар қан майданнан оралған жок. Команда 1947 жылдан бастап КСРО чемпионатында “Б” класында өнер көрсетті. Республикалықтың бас командасы әр жылдары “Динамо”, “Локомотив”, “Урожай”, ал 1956 жылдан бері “Қайрат” деп аталды. “Қайрат” өзінің алғашқы халықаралық кездесуін 1957 жылғы 30 қазан күні Финляндияның “Barca” командасымен өткізді. Қайраттықтар 4:0 есебімен женіске жетті. “Қайрат” командасы КСРО чемпионатын “А” класына 1960 жылы көтерілді. Олар алғашқы матчын Ленинградтың “Адмиралтееу” командасымен өткізіп, 0:0 есебімен тен түсті. “Қайрат” командасының сапында Т.Сегізбаев, К.Ордабаев, С.Байшақов сынды өнер көрсеткен қазақ жастары болды. 20 ғ-дың 50-жылдары “Б” класына Қазақстан командалары көтеп өте бастады. 1958 жылы Қарағандының “Шахтер”, ал келесі жылдары Шымкенттің “Еңбек”, Өскеменің “Восток”, Жамбылдың “Металлист”, Павлодардың “Трактор”, Ақтөбенің “Актюбинец”, Целиноградтың “Целинник”, Жезқазғанның “Еңбек” командалары әуелі “Б” класында, кейіннен “А” класында өнер көрсетті. КСРО тарағаннан кейін, 1992 жылы Қазақстан дербес мемлекет ретінде Халықаралық футбол федерациясына (ФИФА) мүше болды. Сол жылдан бері ҚР-ның өз чемпионаты өтуде. 1992 жылы “Қайрат” (Алматы, 1993 ж. Ансат (Павлодар), 1994-1995 жылдары “Елім-ай” (Семей), 1996 жылы “Тараз” (Тараз), 1997 жылы “Ertis” (Павлодар), 1998 жылы “Елімай” (Семей), 1999 жылы “Ertis” (Павлодар), 2000-01 жылдары “Женіс” (Астана), 2002-03 жылдары “Ertis” (Павлодар), 2004 жылы “Қайрат” (Алматы), 2005 жылы “Ақтөбе” (Ақтөбе), 2006 жылы “Астана” (Астана) командалары чемпион болды. Ел кубогы жолындағы бәсекеде 1992 жылы “Қайрат”, 1993 жылы “Достық” (Алматы), 1994 жылы “Восток” (Өскемен), 1995 жылы “Елім-ай”, 1996-97 жылы “Қайрат”, 1997-98 жылдары “Ertis”, 1998-99 жылдары “Қайсар” (Қызылорда), 1999-2000 жылдары “Қайрат”, 2000-01 жылдары “Женіс”, 2001 жылы “Қайрат”, 2004 жылы “Тараз”, 2005 жылы “Женіс”, 2006 жылы “Алма-Ата” (Алматы) командалары кубок иегері атанды. 2002 жылы Қазақстан футбол одагы (КФО) Азия футбол конфедерациясынан (АФК) шығып, Еуропа футбол одагына (UEFA) мүшелікке өтті. КСРО құрама сапында Е.Яровенко 24-Олимпия ойындарының (1988, Сеул, Корея) чемпионы болды^[9].

Футбол ұйымдары

Халықаралық ұйымдар

Футболдың таралуын, басқаруын және бақылауын менгеретін бір қатар халықаралық ұйымдары бар. Негізігі болып Цюрихта (Швейцария) орналасқан ФИФА ұйымы болып есептеледі. ФИФА халықаралық жарыстарды, яғни Футболдан Әлем чемпионаттарын^[10].) ұйымдастыру мәселе сімен айналысады.

Құплықтық деңгейлерді халықаралық жарыстармен 6 ұйым айналысады: КОНКАКАФ, КОНМЕБОЛ, UEFA, КАФ, АФК (Африка), ОФК (Океания).

Негізі футboldың ең қатты дамыған жері - Еуропа. Ең бакуатты 20 футбол клубтары осы еуропада орналасқан. 2006 жылғы әлем чемпионатына қатысқан 700 футболшының 102 - Англиядан, 74 — Германиядан, 60 — Италиядан, 58 — Франциядан болған.

Клубтар

Футболшылар командалары дара ұйымдарға біркітірлген. Бұл ұйым, яғни футбол клубы, футболшылар мен басқа ұйымдардың арасындағы байланысты жасайтын буын.

Әлем чемпионатында женіске жеткендер:

- Бразилия құрамасы - Бес рет: 1958, 1962, 1970, 1994 және 2002 жылдарындағы чемпионаттарды жеңді.
- Италия құрамасы - төрт рет: 1934, 1938, 1982 және 2006.
- Германия құрамасы - төрт рет: 1954, 1974, және 1990, 2014
- Аргентина құрамасы - екі рет: 1978 және 1986.
- Уругвай құрамасы - екі рет: 1930 және 1950.
- Англия құрамасы - бір рет: 1966.
- Франция құрамасы - екі рет: 1998, 2018
- Испания құрамасы - бір рет: 2010.

Футбол үйірмесінің жоспары

	Өтілетін сабактың тақырыбы	Сағат саны	Өтілетін мерзімі
1	Қ.Р футболдың дамуы	3 сағ	5, 6, 7, 09
2	Футболдың шығу тарихы	3 сағ	12, 13, 14, 09
3	Футбол ойынына қойылатын гигиеналық талаптар	3 сағ	19, 20, 21, 09
4	Техника қауіпсіздік ережелерін сақтау	3 сағ	16, 17, 18, 09
5	Ойынның негізгі ережелері	3 сағ	3, 4, 5, 10
6	Ойыншының тұрысы	3 сағ	10, 11, 12, 10
7	Алаңда бір-біріне пас беріп ойнау	3 сағ	17, 18, 19, 10
8	Алаңда кедергілер арасымен допты алыш жүру	3 сағ	24, 25, 26, 10
9	Ауыттан допты тастап үйрену	3 сағ	7, 8, 9, 11
10	Айып добын тебуді үйрену	3 сағ	14, 15, 16, 11
11	Доппен алдап өту тәсілдері	3 сағ	21, 22, 23, 11
12	Допты тоқтату тәсілдері	3 сағ	28, 29, 30, 11
13	Аяқ ұшымен тебу	3 сағ	5, 6, 7, 12
14	Өкшемен тебу	3 сағ	12, 13, 14, 12
15	Допты баспен ұру түрлері	3 сағ	19, 20, 21, 12
16	Шекемен ұру	3 сағ	26, 27, 28, 12
17	Секіріп шекемен ұру	3 сағ	9, 10, 11, 01
18	Баспен ұру	3 сағ	16, 17, 18, 01
19	Допты қақпаға дұрыс бағыттау	3 сағ	23, 24, 25, 01
20	Допты тартып алу тәсілдері	3 сағ	30, 31, 1, 01-02
21	Допты тоқтату тәсілдері	3 сағ	6, 7, 8, 02
22	Допты алыш жүру тәсілдері	3 сағ	13, 14, 15, 02
23	Қақпашының ойыны	3 сағ	20, 21, 22, 02
24	Допты қағып алу	3 сағ	27, 28, 29, 02
25	Допты ұрып жіберу	3 сағ	5, 6, 7, 03
26	Допты бағаннан асырып жіберу	3 сағ	12, 13, 14, 03
27	Қорғаушылардың міндеті	3 сағ	2, 3, 4, 04
28	Қорғаушының жеке әрекеті	3 сағ	9, 10, 11, 04
29	Шабулшының міндеті	3 сағ	16, 17, 18, 04
30	Топ – топ болып шабуылға шығу	3 сағ	23, 24, 25, 04
31	Командалық әрекет	3 сағ	30, 04, 1, 2, 05
32	Жеке әрекет	3 сағ	7, 8, 9, 05
33	Айып добын дұрыс орындау	3 сағ	14, 15, 16, 05
34	Қақпашының допты ойынға қосуы	3 сағ	21, 22, 23, 05

Барлығы: 102 сағ

№	Окушылардың аты-жөні	Класы	Үйірме жетекшісі
1	Кеңес Сақтаған	6 «Ә»	Арзакулов М.С
2	Қошан Саят	6 «Ә»	Арзакулов М.С
3	Мусамадин Бекжан	6 «Ә»	Арзакулов М.С
4	Алтынбай Еркебұлан	6 «Ә»	Арзакулов М.С
5	Кеңес Хамза	6 «Ә»	Арзакулов М.С
6	Жалмуханов Альмир	6 «Б»	Арзакулов М.С
7	Тимержанов Арсен	6 «Б»	Арзакулов М.С
8	Сәрсенбаев Мирас	6 «Б»	Арзакулов М.С
9	Марат Салауат	6 «Б»	Арзакулов М.С
10	Абдуллин Бари	6 «Б»	Арзакулов М.С
11	Қошан Шыңғыс	7 «А»	Арзакулов М.С
12	Қаршыға Алихан	7 «А»	Арзакулов М.С
13	Күпжасар Мирбол	7 «Б»	Арзакулов М.С
14	Бақытжан Темірлан	7 «Б»	Арзакулов М.С
15	Қанатов Ғани	7 «Б»	Арзакулов М.С
16	Мұхаммед Ернұр	7 «Б»	Арзакулов М.С
17	Денисламов Дамир	7 «Б»	Арзакулов М.С
18	Маратов Айдын	7 «Б»	Арзакулов М.С
19	Айтқали Ибрағим	7 «Ә»	Арзакулов М.С
20	Нұрбергенұлы Тимур	7 «Ә»	Арзакулов М.С
21	Ахметтулла Жан	7 «Ә»	Арзакулов М.С
22	Абдинабиев Арнұр	8 «А»	Арзакулов М.С
23	Абдикадиров Алмат	8 «Ә»	Арзакулов М.С
24	Саулебаев Әлішер	8 «Ә»	Арзакулов М.С
25	Кобалов Олжас	8 «Ә»	Арзакулов М.С
26	Рыскалиев Дастан	7 «Ә»	Арзакулов М.С
27	Әділжанов Айқын	7 «Ә»	Арзакулов М.С
28	Иржанов Саян	6 «Ә»	Арзакулов М.С
29	Хасан Арсен	7 «Б»	Арзакулов М.С
30	Сагидан Алдияр	7 «Б»	Арзакулов М.С